

"Батыс Қазақстан облысының "Чингирлауский район" атауының орыс тіліндегі транскрипциясын "район Шыңғырлау" деп өзгерту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 788 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Батыс Қазақстан облысының "Чингирлауский район" атауының орыс тіліндегі транскрипциясын "район Шыңғырлау" деп өзгерту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б.Сағынтаев

Батыс Қазақстан облысының "Чингирлауский район" атауының орыс тіліндегі транскрипциясын "район Шыңғырлау" деп өзгерту туралы

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Батыс Қазақстан облысының "Чингирлауский район" атауының орыс тіліндегі транскрипциясы "район Шыңғырлау" деп өзгертілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н.Назарбаев